

«Сол жұлдызбен тун сайын бір жүземін...»

Заманауи қазақ ақындарының өлеңдері



Алмат ИСАДІЛ

Күндер өтіп барады, күндер өтіп,
Сол күндермен жастығым бірге кетіп.
Күні бойы тірлікпен қарбаласып,
Ораласың үйіңе түнделетіп.
Отырасың жарыңның шәйін ішіп,
Оранбаған үлде мен бүлдеге түк...

Жылдар өтіп барады, жылдар өтіп,
Даңғазаның ішінде жырғап, есіп.
Дүние де жимаппын пысықтардай,
Қызға жасау боларлық, ұлға несіп.
Ата-ана, бауыр да арқасүйер,
Мәңгі ұйқыға жайғасқан қырға көшіп...

Уақыт жылжып барады,
уақыт жылжып:
Уысыңа тұрмайды қашып, сырғып.
Жұмысыңа күнде ерте асығасың,
Қу тіршілік еңсені басып, құл ғып.
Парызымыз қанша әлі өтелмеген,
Қарызға да белшеден батып, тындық...

Айлар өтіп барады, айлар өтіп:
Тиесілі өзіме қайда несіп?
Жылмақайлар жолыңды кесіп ылғи,
Жоспарыңды кетеді ойран етіп.
Бұққан болмай, әйтеуір
жұрттан қалмай,
Отырамыз қомпайып, тойда бөсіп...

Ғасыр ауып барады, ғасыр ауып,
Арман, Бақыт әлі де қашық анық.
Қай мекенде Жерұйық біз аңсаған:
Көлі – шәрбат, нуы – нәр,
тасы – мамық?!
Өз жерімде өгейдің күйін кешіп,
Қайда кетіп барамын басым ауып?..
...Сан сұраққа отырмын жауап іздеп,
Телефоннан ғаламтор қосып алып.))



Мирас АСАН

МЕҢ

Кірпігі – гүл, қасы – қыр,
жанары – айман,
Көзіме отай басылдың анадайдан!
Сен ертегі шығарсың Күнікейдей,
Құрастырған мына өмір маған ойдан...

Жапандағы жалғыз үй – меңің қара,
Қараша үйден шықты ойнап өмір жаңа.
Қарағанды сенікі, алшы жаным,
Меңің – маған, еншіңе сенің – қала.

Ұшына еккен кім екен сені жардың?
Елең ете қалсаңшы елігі әннің.
Шұңқырына бетіңнің шұғыладан,
Екі мұхит көзіңнен, төгіп алдым...

Мендік жүрек – көк шыққан
қияқты өртең,
Махаббат па, қызардың, ұят па, еркем?
Саған жазған өлең де саған ұқсап,
Аспанға ұшып кететін сияқты ертең...

Қарағыма, ей өмір, қайғы ойлатпа,
Қағаз жүрек жаралған жан ғой баққа...
Сүйемін деп сүйгем жоқ сені жаным,
Күйемін деп көбелек бармайды отқа!



Жадыра БАЙБҰЛАНОВА

КҮЗ-ҒҰМЫР

Бізді осылай ажыратты Күз келіп,
Менде үміт қалып қойды, Сізде үміт...
Таптап жүріп, тағдырымыз жазылған,
Жапырақты іздедік.
Ақ жауындар айтушы еді Күз мұңын,
Ұнаттым мен. Ұнаттыңыз Сіз бұрын.
Тамшылардай талай сәтке куәгер,
Түсінеді бізді кім?
Жылап тұрып табыстырған Күз жалған,
Менде арман көп болатын, Сізде арман...
Сол бақыттың солатынын кім білген,
Сәл кешірек, ызғардан.
Көңілдерді құлазытты Күз неше,
Менде сәл-сәл қимастық бар. Сізде ше?..

Қолшатырға тығыламын қорғанып,
Жаным жылу іздесе...
Аяғанмен, аяламас бізді өмір,
Өлең мені әлдилесін, Сізді Жыр.
Сары бақта сағынышқа айналған,
Қайран, мендік Күз-ғұмыр...



Мақсат ЕРЕЖЕП

ОРТА

Ер жігітке...
кеуде керген жарамас,
Бай емеспін, кедей де емес – ортамын:
Қайғысы мен қуанышы аралас.
Жолаушымын –
...өз жолыммен жортамын!
Тас қаланың...
Талғамынан өте алмай,
Ауыл жаққа бұрып кетем ат басын.
Арман, Мұрат, Мақсаттарға жете алмай,
Орта жолда қап қойғаннан сақтасын!
Өзіме тән биігім бар, шығатын.
Таусыз орта көрінеді жат маған.
Табиғаттың тылсым сырын ұғатын,
Әлі талай орталардан бақ табам!
Сын сағаттың қоңырауы соғады.
Орта мектеп, орта білім, алғаным.
Білгенімнен білмейтінім көп әлі,
Өмір өзі оқытады қалғанын!
Жырға толы,
Сырға толы, нар-кеуде.
Отырамын тауларымды Тақ қылып.
«Ұлы Дала дипломы» бар менде,
Қырда жүріп қой бағатын ат мініп!



Мақпал МЫСА

СӘУЛЕ

Екіндіде сүйгенде сырғамды нұр,
Сол бір күйден жанымда тұнған дүбір.
Бақытымның бұрымын өзім өріп,
Жасап алған бір қызбын
жырдан ғұмыр.

Жұлдызымның жанары айдан ап нұр,
Көк жүзінде жымыңдап жайнамақ кіл.
Ақ дүниенің шомылып арайына,
Аққуларым айдынды аймалап тұр...

Әуеніңе қосылып әу деген ем,
Өтсе-дағы кей күндер әуременен.
Үмітімнің үкісін үлпідетіп,
Өлеңімді өрейін сәулеменен...

Сәулеменен өргенде осы өлеңді,
Көз алдымнан күрең күн көше берді.
Ақ, қарасын тірліктің алмастырған,
Көгертсе екен осы өмір көсегемді.

Екіндіде сүйгенде сырғамды нұр,
Сол бір күйден жанымда тұнған дүбір.
Бақытымның бұрымын өзім өріп,
Жасап алған бір қызбын
жырдан ғұмыр.

Соонау...
көкте бермейді жұлдыз өңін,
Сол жұлдызбен түн сайын бір жүземін.
... Тұнған дүбір...
күй болып кеудесіне
Жырдан ғұмыр жасаған бір қыз едім.



Савет САҒЫНТАЕВ

МЕКТЕБИМЕ

Бүгін таңда керегесі кеңелген,
Биіктермен терезесі теңелген.
Бұл мектебім дарияға ұқсайды,
Білім суын ұстаған бір кемелден.

Ғалымдар да осы ордадан нәр алған,
Ғылым жолы осы ордада жаралған.
Талай елдің мақтанышы, маңғазы,
Қиял бітіп осы ордадан таралған.

Содан бері талай заман өтіпті,
Талай түлек мұратына жетіпті.
Талай қиын өткелдерден сүрінбей
Қанат бітіп шыңнан асып кетіпті.

Бәрібір сен ұстазыңның ұлысың,
Отаныңның еңбек еткен құлысың.
Кеше ғана нәзік болған ұл мен қыз,
Дүниенің ұстап тұр бір бұрышын.

Жинап бәрін бауырына қысасың,
Нәр алған соң әрбір жаққа ұшасың.
Қанат бітіп, ұшып шыққан балапан,
Қайта келсе сағынышпен құшасың.

Мәңгі бақи құлпыра бер мектебім,
Ылғи тойлап болашақтың көктемін.
Анамыздай шығарып сал қол бұлғап,
Жеке отау боп мұратына жеткенін!!!

Анамыздай шығарып сал қол бұлғап,
Жеке отау боп, алысқа ұшып кеткенін!